

**Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрлігі Ақтөбе облысының білім
саласындаспаны қамтамасыз ету департаменті**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік
мекемесінің «№ 19 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзін-өзі аттестаттау
нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Ақтөбе қаласы, 2024 жыл

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ
БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ «№19 ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ
АНЫҚТАМАСЫ**

Ақтөбе қ. Есет батыр 101А
(қорытындыны жасау орны)

30.03.2024 ж 17 сағ. 00 минут

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын (бұдан әрі-Заң) 59 бабының 4-1 тармағын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 31 желтоқсандағы №14 бұйрығымен бекітілген нұсқаулық, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымдар, «Ақтөбе қаласының №19 орта мектебі» КММ-нің кезектен тыс 01.03.2024 күнгі кезектен тыс педагогикалық кеңес шешімімен 01.03.2024ж. №26 бұйрығы негізінде 2024 жылдың 01 наурыз-20 маусым аралығында мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау жұмысы ұйымдастырылып, өзін-өзі бағалау жұмысы келесі құрамда бекітілген комиссиямен өткізілді.

Ақтөбе қаласы «№19 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепшілік 2024 жылдың 1 наурыздағы №26 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау комиссиясымен келесі құрамда өткізілді:

1. Шабаров Жомарт Мырзабекұлы - мектеп директоры, комиссия төрағасы;
2. Жанбиршиева Алма Хамитовна - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
3. Жолаушыбай Гүләйім Нарымбайқызы - мектеп директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
4. Китигулова Жанар Асановна - мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
5. Ашикбаева Бигайша Балагуловна - мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
6. Оразова Асель Айсултанқызы - директордың шаруашылық жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі;
7. Айсауыт Жамбыл Көпжасарұлы - әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;
8. Балмагамбетова Эльмира Абдыгазиевна - МАДТ тәрбиешісі, комиссия мүшесі;

Комиссия құрамы мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау материалдарын зерделеп, білім беру ұйымын бағалау өлшемшарттары бойынша білім беру қызметінің сапасын Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру (МЖМБС) стандарттарына сәйкестігін зерделеп талдады.

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі мәселелер тексеріліп, сарапталды. Олар:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқу және оқыту;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;

- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база

1. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

- 1) «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№19 орта мектебі» КММ
- 2) білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекен жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы) 030019, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Есет батыр көшесі, 101 А.
- 3) заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, web-сайт)
тел: 87132449035, электрондық мекен-жайы: 19-mektep@aktgoroo.kz
Мектептің сайты: <https://kgu-sh19akt.edu.kz/>
- 4) заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі):
Шабаров Жомарт Мырзабекұлы - 2020 жылдың 13 мамырынан бастап Ақтөбе қаласы білім бөлімінің №71 бұйрығымен «№19 орта мектебі» КММ мектеп директоры болып тағайындалған.
- 5) құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу не қайта тіркеу туралы анықтаманың/күзліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі)
«Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2017 жылдың 9 қарашада берілген. Берілген күні 06.12.2017 ж, БСН 050240003535. Заңды тұлғаның құрылтайшылары: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» ММ. Мектептің Жарғысы «Ақтөбе облысының әкімдігінің 2020 жылғы 11 желтоқсан №448 қаулысымен бекітілген.
- 6) руқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон)
Мектепке дейінгі ұйым қызметінің тәртібіне сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламасы бар. № KZ33RVK00024725. 19 қазан 2020 жыл. Сонымен қатар негізгі мектептің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруге арналған 12 ақпан 2021 жылғы № KZ79LAA00023417 лицензиясы бар.

1-параграф. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

- 9,1 оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі;

Талдау нәтижелері: 2021-2022 оқу жылында «№19 орта мектебі» КММ-нің мектепалды даярлық сыныптарының оқу жұмыс жоспарын құруда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығына 1-қосымша, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 1-қосымшасы негізге алынды. Мектеп алды даярлау сыныбында білім берудің инвариантты компоненті оқу жоспарында көрсетілген оқу қызметінің үлгілік ұзақтығы сақталып, вариативті компоненттен арнаулы курс бағдарламасы төмендегі ретпен бөлінді:

1. Мейірімділік пен әділдік мекені - 1 сағат (қазақ сыныбы)
2. Мен шахмат ойнаймын - 1 сағат (қазақ сыныбы)
3. Табиғат және біз - 1 сағат (қазақ сыныбы)
1. Страна добра и справедливости - 1 сағат (орыс сыныбы)

2. Удивительный мир -1 сағ (орыс сыныбы)

2022-2023 оқу жылына арналған оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығына 3-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 3-қосымша талаптарына сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспары «Ақтөбе қалалық білім бөлімінің басшысымен келісілген, мектеп директоры қолымен бекітілген. Мектеп алды даярлық тобының оқу жоспары ҰОЖ негізінде талапқа сәйкес құрылған.

2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығына 3-қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына 3-қосымша талаптарына сәйкес келеді. Оқу жұмыс жоспары «Ақтөбе қалалық білім бөлімінің басшысымен келісілген, мектеп директоры қолымен бекітілген. Мектеп алды даярлық тобының оқу жоспары ҰОЖ негізінде талапқа сәйкес құрылған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымшасының 2-тарауының 3-тармақшасының талаптарына сәйкес келеді.

- 9.2 білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (варнативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру.

Талдау нәтижелері: Аталған өлшемшарттар негізінде ұсынылған құжаттарды зерделеу барысында «№19 ОМ» КММ –ДЕ 2021-2022 оқу жылында 2 мектепалды даярлық сыныбы (1 қазақ, 1 орыс тобы) ашылған. 2021-2022 оқу жылдарына арналған перспективалық жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен (өзгеріс: ҚР Білім және ғылым министрінің 24.09.2020 №412 бұйрығы) бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде жасалған. 2021-2022 оқу жылдары «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына сәйкес құрастырылып және оларды әрекет түрлерін ұйымдастыру арқылы іске асырған.

2022-2023 оқу жылындағы 2 мектеп алды даярлық топтарының перспективалық жоспарлары мен циклограммалары толық ұсынылған.

2023-2024 оқу жылындағы перспективалық жоспарлары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығын басшылыққа алып құрылған. Мектепте 2 мектеп алды даярлық тобы (1 қазақ, 1 орыс) білім беруде.

Циклограммалар 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына мектепалды даярлық сыныптарына бекітіліп ұсынылған.

Сонымен қатар 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінің көшірмелері ұсынылған, кестеде барлық ҰОЖ атаулары, апталық сағат сандары оқу жұмыс жоспарына сай келеді.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымшасының 2-тарауының 4-тармағының 4-тармақшасының талаптарына сәйкес келеді.

- 9.3 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі- Үлгілік қағидалар) сақтау

Талдау нәтижелері:

1.Кадрлық құрамға талдау.2023-2024 оқу жылында №19 орта мектебінде мектепалды даярлық 2 топ (1 қазақ тобы,1 орыс тобы) жұмыс жасайды.

Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 21 тармағында «Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы штаттарын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленді.Штаттық кесте және педагогтардың тарификациясы мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылады» деп көрсетілген. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары негізінде мектептің 2023-2024 оқу жылына және өткен екі оқу жылына арналған педагогтары көрсетілген штаттық кесте ұсынылды.

Қазірде «Қазақстан РеспубликасыҮкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы»Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 10тамыздағы №669 қаулысымен «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы қаулысы күші жойылды.

Қазіргі қолданыстағы «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 21 шілдедегі №224 бұйрығы бойынша да педагогтар штаттарының бірліктері өзгермеген.

Білімі мен мамандығы бойынша:

«№19 орта мектебі» КММ-де мектепалды даярлық тобында 2 педагог жұмыс жасайды.

№	Тегі, аты-жөні	Бітірген оқу орны диплом бойынша мамандығы	Санаты
1	Балмағамбетова Эльмира Абдыгазиевна	Қ.Жұбанов атын.педагог.инстит уты. «Мектепке дейінгі педагогика және психология» 1993ж	Педагог-зерттеуші
2	Алдамжарова Карина Бекболатовна	Ақтөбе гум.колледж. Арнаулы орта. «Воспитатель дошкольных организаций» 2021 ж	Санаты жоқ

Бағалау:Мектеп алды даярлық топ тәрбиешілерінің мамандықтары біліктілік талаптарына сай.

Біліктілік арттыру курсынан өтуі бойынша:

№	Тегі, аты-жөні	Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан соңғы өткен мерзімі	Біліктілікті арттыру курстарынан өту орны (ұйым)
1	Балмағамбетова Эльмира Абдыгазиевна	29.11-09.12.2021ж	«Өрлеу БАҰО» АҚ
2	Алдамжарова Карина Бекболатовна	17.07-27.07.2023ж	«Өрлеу БАҰО» АҚ

Бағалау: Үш жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтардың үлесі-100%
2- қосымша PDF форматта салынды

Медициналық тексеруден өткені туралы: Білім беру ұйымы 2 қосымшаға сәйкес педагогтардың медициналық тексеруден өтуі туралы мәліметке сәйкес, Қағиданың 2 тарауының 25-тармағы «Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптар педагогтары «Міндетті медициналық қарап-тексерулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын ,сондай-ақ оларды жүргізу тәртібі мен мерзімділігін,зертханалық және функционалдық зерттеулердің көлемін, медициналық қарсы көрсетілімдерді,зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың жұмысқа орналасқан кезде орындау кезінде міндетті алдын-ала медициналық қарап-тексерулер жүргізілетін кәсіптер мен жұмыстардың тізбесін және «Алдын-ала міндетті медициналық қарап-тексерулер өткізу» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қаңтардағы №ҚР ДСМ -131/2020 бұйрығына сәйкес жыл сайын медициналық зерттеп-караудан өтеді» талабы толықтай орындалған.

Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету.

Қағиданың 1 тарауының 9 тармағында «Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету», «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады»-деп көрсетілген.

Әдістемелік ұсынымдардың 4-қосымшасына сәйкес мектепалды сыныптар жабдықтар мен жиһаздармен толықтай қамтамасыз етілген. Бұл қағиданың 1 тарауының 9 тармағы талабына сәйкес.

Бағалау: Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70бұйрығына (нормативтік -құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 болып тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы-100%

«№19 орта мектебі» КММ мектепалды даярлық сыныптары оқу- әдістемелік кешендермен толықтай қамтамасыз етілген.Мектепалды даярлық сыныбын оқу-әдістемеліккешендермен қамтылуы туралы әдістемелік ұсынымдарға арналған 5-қосымшаға сәйкес мәліметтер ұсынылды.

Қорытынды. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік -құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 болып тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету-100%

9.4 баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

Талдау нәтижелері: 2021-2022,2022-2023,2023-2024 оқу жылдарында болған тәрбиеленушілердің жеке даму карталары толық ұсынылған.Оқу жылдары барысында әр тәрбиеленушінің жеке даму картасы жүргізілген.2021-2022 оқу жылында мектепалды тобында-54 балаға,2022-2023 оқу жылында мектепалды тобында- 54 балаға,2023-2024 оқу жылында мектепалды тобында- 50 балаға

толтырылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелерінде «Физикалық қасиеттерді дамыту», «Коммуникативтік дағдыларды дамыту», «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту», «Балалардың шығармашылық дағдыларын зерттеу іс-әрекетін дамыту», «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» дағдылары бойынша бастапқы, аралық мониторингтен кейін мектепалды сыныбындағы барлық тәрбиеленушімен жоспарланған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығының 1-қосымшасының 2 тарауының 6-тармағына сәйкес келеді, бағалау кезеңі бойынша мектепалды топ тәрбиеленушілерінің жеке даму карталары ұсынылған.

9.5 тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;

Талдау нәтижелері:

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша тәрбиеленушілердің дамуының бастапқы мониторингін және нәтижелерін ұсынған. Осы өлшемшарттар бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру барысында анықталғаны: Білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізіледі (бастапқы қыркүйек айында, аралық қаңтар айында, қорытынды мамыр айында). Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалады. Бағаланатын кезеңге ұсынған 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылының 2 мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілерінің даму мониторингісі мен жиынтық есебі бар.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығының 1-қосымшасының 2 тарауының 6 тармағына сәйкес келеді

9.6 үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау

Талдау нәтижелері: Осы өлшем шарттар бойынша ұсынылған құжаттарды талдау, зерделеу және салыстыру жүргізілді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын игеру деңгейі Үлгілік оқу бағдарламасына қосымшада ұсынылған баланың туғаннан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейінгі біліктері мен дағдыларының тізбесіне сәйкес мүмкін жетістіктерін айқындайтын нысаналы нәтижелерге бағдарланады. 2021-2022 оқу жылында жылдық қорытынды мониторингімен 2 сынып жиынтықта (А,Ә) 54 тәрбиеленуші, 2022-2023 оқу жылында жылдық қорытынды мониторингімен 2 сынып жиынтықта (А,Ә) 53 тәрбиеленуші, 2023-2024 оқу жылында жылдық қорытынды мониторингімен 2 сынып жиынтықта (А,Ә) 50 тәрбиеленушінің біліктері мен дағдыларының даму динамикасы қорытыланды.

2021-2022 оқу жылы МАД тобының жиынтық қорытынды есебі бойынша бала саны - 54, оның ішінде I деңгейде – 1 бала, II деңгейде – 12 бала, III деңгейде – 41 бала өз дәрежесін көрсетті.

Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі – 75,9%.

Орташа деңгейдегі балалардың үлесі – 22,2%,.

Төмен деңгейдегі балалардың үлесі – 1,9%,

2022-2023 мектепалды сыныптың қорытынды жиынтық есебі бойынша бала саны -53. Физикалық қасиеттерді дамыту: олардың ішінде жоғары деңгей 42 бала - 79% көрсетті, олардың ішінде орташа деңгей 11 бала – 21% көрсетті. Коммуникативтік дағдыларды дамыту: олардың ішінде жоғары деңгей 40 бала – 75% көрсетті, олардың ішінде орташа деңгей 13 бала – 25% көрсетті. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: олардың ішінде жоғары деңгей 46 бала – 87% көрсетті, олардың ішінде орташа деңгей 7 бала – 13% көрсетті. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: олардың ішінде жоғары деңгей 41 бала – 77% көрсетті, олардың ішінде орташа деңгей 12 бала – 23% көрсетті. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: олардың ішінде жоғары деңгей 48 бала – 91% көрсетті, олардың ішінде орташа деңгей 5 бала – 9% көрсетті.

Жоғарғы деңгей- 81,8 %

Орташа деңгей- 18,1 %

Төменгі деңгей- 0 %

2023-2024 мектепалды сыныптың қорытынды жиынтық есебі бойынша бала саны -50. Физикалық қасиеттерді дамыту: олардың ішінде жоғарғы деңгей 49 бала - 98% көрсетті, олардың ішінде орташа деңгей 1 бала – 2% көрсетті. Коммуникативтік дағдыларды дамыту: олардың ішінде жоғары деңгей 47 бала – 94,8% көрсетті, олардың ішінде орташа деңгей 1 бала – 1,7% көрсетті, олардың ішінде төмен деңгей – 2 бала – 3,5% көрсетті. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: олардың ішінде жоғары деңгей 48 бала – 96,6% көрсетті, олардың ішінде орташа деңгей 1 бала – 1,7% көрсетті, олардың ішінде төмен деңгей – 1 бала – 1,7% көрсетті. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: олардың ішінде жоғары деңгей 46 бала – 93,10% көрсетті, олардың ішінде орташа деңгей 2 бала – 3,45% көрсетті, олардың ішінде төмен деңгей – 2 бала – 3,45% көрсетті. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: олардың ішінде жоғары деңгей 48 бала – 96,6% көрсетті, олардың ішінде 1 бала-1,7% көрсетті, олардың ішінде төмен деңгей – 1 бала – 1,7% көрсетті.

Жоғарғы деңгей-95,2%

Орташа деңгей-2,4%

Төменгі деңгей-2,4%

Қорытынды: Бағалау кезеңі бойынша қорытынды мониторинг құжаттары ұсынылған. Бұдан Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығының 1-қосымшасының 3 тарауы 20 тармағы талабы орындалған. Бағалау кезеңіне қорытынды мониторинг құжаттары ұсынылған.

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

10. МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

Талдау нәтижелері: Талдау: МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы қаралды. Бағаланатын кезеңге талдау жасау үшін білім беру ұйымының басшысы әзірлеген және бекіткен оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, күн тәртібі, бекітілген өтпелі тақырыптар мен циклограммаларға сәйкес перспективалық жоспар ұсынылды. Өткен оқу жылдары мен ағымдағы оқу жылындағы жұмыстық оқу жоспарларында және ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінде ҮОЖ белгіленген оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі ескеріле отырып, оқу жүктемесі жазылып көрсетілген.

2021-2022 оқу жылдарында оқу жұмыс жоспарында және ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінде оқу жүктемесі инварианттық бөлігінде 17 сағат, вариативтік бөлігінде 3 сағат, ең жоғары апталық жүктеме көлемі 20 сағатты құраған.

2022-2023 оқу жылдарында оқу жұмыс жоспарында және ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінде оқу жүктемесі инварианттық бөлігінде 20 сағат, ең жоғары апталық жүктеме көлемі 20 сағатты құраған.

2023-2024 оқу жылдарында оқу жұмыс жоспарында және ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесінде оқу жүктемесі инварианттық бөлігінде 20 сағат, ең жоғары апталық жүктеме көлемі 20 сағатты құраған.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығының 1 қосымшасының 3- тарауының 22- тармағына сәйкес келеді

11. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

11. балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау

- 1 Талдау нәтижелері: Талдау: Бағаланатын кезең үшін жас топтарын қалыптастыру талабы әдістемелік ұсынымның 3 қосымшасына сәйкес толтырылған кесте бойынша қаралды. Кестеде оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, топтарды түзуде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы басшылыққа алынып жүргізілген, талапқа сай.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығының 1 қосымшасының 4- тарауының 25- тармағына сәйкес келеді.

11. тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау

Талдау нәтижелері: Мектепалды сыныптарын зерделеу үшін тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО Үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптары орындалған. Бағалау кезеңі бойынша үш оқу жылына арналған тәрбиеленушілер тізімдері 3-қосымшаға сәйкес ұсынылған. Білім беру ұйымында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі -1 жылды құрап, меңгеру мерзімі сақталған.

Ескерту: 2023-2024 оқу жылында 7 жастан екі оқушы ПМПК қорытындысы бойынша қабылданды. (инклюзив, ПМПК қорытындысы салынды)

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» №348 бұйрығының 1 қосымшасының 4- тарауының 26- тармағына сәйкес келеді.

Сауалнама бойынша :

Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау

№19 орта мектебі бойынша мектепалды ата-аналары мен педагогтерінен Ақтөбе облысының білім сапасын сырттай бақылау департаментінің өкілінің сырттай қатысуымен телеграмм желісі арқылы сауалнама алынған. Сауалнаманың негізгі мақсаты: балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау және мектепалды тобының деңгейін

анықтау. Анкетаға мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарын қатыстыра отырып алынған. Ата-аналар 96,5% , педагогтар да 100% қатысқан.

Ата-аналардан алынған сауалнама:

№	Респонденттер	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	50/48 ата-ана қатысты	65,7%	19,6%	6,5%	7,9%
85,3%- 5балл					

Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау: Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 Бұйрыққа қосымша Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары 2 тарауының 8 тармағы бойынша онлайн сауалнама жүргізіліп, ата-аналар 96,5 пайыз қатынасты және 1 қосымшаға сәйкес 80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған

Педагогтардан алынған сауалнама:

№	Респонденттер	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін
1	2/2 педагог қатысты	100%	100%		
100%-5 балл					

Педагогтер сауалнамаға 100% қатысқан. нәтижелерін талдау: 80 % -дан 100%-ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайын жасалу деңгейіне тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған .(сауалнама нәтижелері қоса салынған)

Қорытынды:

«№19 орта мектебі» КММ мектепалды даярлық топтарының өзін-өзі бағалау нәтижелері жұмысын тиімді деп санауға болатындығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мектепалды тобында тәрбиелеу-оқыту жұмысы жоспарлы түрде жүйелі жүргізілуде. Білім беру процесі тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, қажеттіліктерін ескере отырып құрылды, бұл әр балаға жеке тұлғаға бағытталған көзқарасты жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамытушы орта құрылды. Тәрбиеленушілердің отбасымен жұмыс жасауда өзара әрекеттесудің тиімді формалары қолданылды. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелері сақталды, балалармен қызметкерлердің өмір сүру қауіпсіздігі қамтамасыз етілді. «№19 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектепалды тобының білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келеді.

Ұсыныстар: мектепалды топтарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етуді одан әрі қарай жетілдіріп, толықтыру керек.

Комиссия төрағасы
комиссия мүшелері



(қолы)
(қолы)
(қолы)
(қолы)
(қолы)
(қолы)

Шабаров Жомарт Мырзабекұлы
(аты-жөні, бар болған жағдайда)
Жанбиршиева Алма Хамитовна
(аты-жөні, бар болған жағдайда)
Жолаушыбай Гүләйім Нарымбайқызы
(аты-жөні, бар болған жағдайда)
Китигулова Жанар Асановна
(аты-жөні, бар болған жағдайда)
Ашикбаева Бигайша Балагуловна
(аты-жөні, бар болған жағдайда)
Оразова Асель Айсултанқызы
(аты-жөні, бар болған жағдайда)
Айсауыт Жамбыл Көпжасарұлы
(аты-жөні, бар болған жағдайда)
Балмаганбетова Эльмира Абдыгазиевна
(аты-жөні, бар болған жағдайда)

Мемлекеттік аттестаттау нәтижесі :

Бағалау парағы
«Ақтөбе облысы білім басқармасының білім бөлімі» ММ-нің
«№19 орта мектеп» КММ

р/с №	Бағалау өлшемшарттары	Өлшеуіштер	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	100 %	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған / растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	100%	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	100%	5
4	Білім беру ұйымының ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы.	95-99%	4
5	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	80-94%	4

6	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №66 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау	95-99%	4
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	100%	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	85,5%	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	100%	5
		Барлығы:	42

Өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымын бағалау нәтижелері

Өлшеуіштер бойынша білім беру ұйымының жалпы жиынтық бағасы – 42 балды құрады. Білім беру ұйымының «Дәлелді» деп бағаланды.

Комиссия төрағасы

комиссия мүшесі



(Handwritten signatures and names of commission members)
 (қолы)
 (қолы)
 (қолы)
 (қолы)
 (қолы)
 (қолы)

Шабаров Жомарт Мырзабекулы

(аты-жөні, бар болған жағдайда)

Жанбиршиева Алма Хамитовна

(аты-жөні, бар болған жағдайда)

Жолаушыбай Гүлэйім Нарымбайқызы

(аты-жөні, бар болған жағдайда)

Китигулова Жанар Асановна

(аты-жөні, бар болған жағдайда)

Ашикбаева Бигайша Балагуловна

(аты-жөні, бар болған жағдайда)

Оразова Асель Айсултанқызы

(аты-жөні, бар болған жағдайда)

Айсауыт Жамбыл Көпжасарұлы

(аты-жөні, бар болған жағдайда)

Балмаганбетова Эльмира Абдыгазиевна

(аты-жөні, бар болған жағдайда)